

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 13 мамырдағы № 331 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі № 810 қаулысында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін және экономикасының орнықты дамуын камтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 30-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

30.	"QazaqGaz Aimaq" АҚ	"Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың
-----	---------------------	---

		аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде, сондай-ақ бюджетке салықтар мен төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен ірі салық төлеушілердің мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесінде есепке алынған.
--	--	---

".
,"

реттік нөмірі 54-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

54.	"Turanium" ЖШС	"Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған
-----	----------------	---

”;

2) "Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**”;

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

"Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)" деген бөлімде:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

3.	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" ЖШС қатысу үлесінің 100 %-ы
----	--

”;

реттік нөмірлері 5 және 6-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

5.	"Үлбі металлургия зауыты" АҚ акциялар пакетінің 94,3292 %-ы
6.	"Волковгеология" АҚ акциялар пакетінің 99,7896 %-ы

”;

реттік нөмірі 16-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 18-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

18.	"Семізбай-У" ЖШС қатысу үлесінің 51 %-ы
-----	---

”;

реттік нөмірі 28-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

28.	"Бұқтырма ГЭС" АҚ акциялар пакетінің 96,3 %-ы
-----	---

".

реттік нөмірі 46-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

46.	"QazaqGaz Aimaq" АҚ акциялар пакетінің 100 %-ы
-----	--

".

реттік нөмірі 74-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

74.	"Turanium" ЖШС қатысу үлесінің 50 %-ы
-----	---------------------------------------

".

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 89-жолмен толықтырылсын:

"

89.	"У.Д. Қантаев атындағы Мойнақ гидроэлектр станциясы" АҚ акциялар пакетінің 100 %-ы
-----	--

".

"Магистралдық мұнай құбырлары" деген бөлімде:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3.	"Өзен – Атырау – Самара" мұнай құбыры ("Өзен" бас мұнай айдау станциясынан Ресей Федерациясының шекарасына дейін)
----	---

".

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

5.	"Өзен – Жетібай – Ақтау" мұнай құбыры (2-желі)
----	--

".

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-1-жолмен толықтырылсын:

"

5-1.	"Өзен – Жетібай – Ақтау" мұнай құбыры (Ø720 мм)
------	---

".

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

6.	"Тарас Қасымов атындағы мұнай айдау станциясы – Нұрибек Нәбиұлы Шманов атындағы мұнай айдау станциясы – Атырау мұнай өңдеу зауыты" мұнай құбыры
----	---

".

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 6-1-жолмен толықтырылсын:

"

6-1.	"Нұрибек Нәбиұлы Шманов атындағы мұнай айдау станциясы – Атырау мұнай өңдеу зауыты" мұнай құбыры
------	--

".

реттік нөмірі 10-жол алып тасталсын;

реттік нөмірлері 13 және 14-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

13.	"Кеңқияқ – Бестамақ" мұнай құбыры
14.	"Омбы – Павлодар" мұнай құбыры (Ресей Федерациясының шекарасынан "Павлодар" бас мұнай айдау станциясына дейін)

".

реттік нөмірлері 16 және 17-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

16.	"Құмкөл – Қарақойын" мұнай құбырының үш желісі (диаметрі 530 мм, 720 мм және 820 мм)
17.	"Шымкент – Шағыр" мұнай құбыры

".

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 21, 22 және 23-жолдармен толықтырылсын:

"

21.	"Әлібекмола" бас мұнай айдау станциясы" мұнай құбыры – "Жаңа жол – Кеңқияқ" мұнай құбыры
22.	"Солтүстік Бозащы – Қаражанбас" мұнай құбыры
23.	"Павлодар – Павлодар мұнай-химия зауыты" мұнай құбыры

".

"Магистралдық газ құбырлары" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 16, 17, 18, 19 және 20-жолдармен толықтырылсын:

"

16.	"Бейнеу – Бозой – Шымкент" газ құбыры
17.	"Алматы – Талдықорған" газ құбыры
18.	132-188 км учаскесіндегі "Жаңажол – Ақтөбе" газ құбыры
19.	"Алматы – Байсерке – Талғар" газ құбыры
20.	"Алматы – Байсерке – Талғар" газ құбыры (2-желі)

".

"Су шаруашылығы құрылыстары" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 7-жолмен толықтырылсын:

"

7.	У.Д. Қантаев атындағы Мойнақ ГЭС-нің мүлкітік кешені
----	--

".

"Атом энергиясын пайдаланатын объектілер" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-жолмен толықтырылсын:

"

3.	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Ядролық физика институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
----	--

","

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚ – акционерлік қоғам;

ГЭС – гидроэлектр станциясы;

ЕМК – еншілес мемлекеттік кәсіпорын;

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

РМК – республикалық мемлекеттік кәсіпорын."

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекетпен аффилирленбеген заңды тұлғалардың , сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде :

"Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)" деген бөлімде:

реттік нөмірі 24-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 30-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

30.	"Tuganium" ЖШС қатысу үлесінің 50 %-ы
-----	---------------------------------------

","

реттік нөмірі 99-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

40.	"KEGOC" АҚ акциялар пакетінің 15 %-ы
-----	--------------------------------------

","

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 41, 42, 43 және 44-жолдармен толықтырылсын:

"

41.	"Семізбай-У" ЖШС қатысу үлесінің 49 %-ы
42.	"Үлбі металлургия зауыты" АҚ акциялар пакетінің 5,6708 %-ы
43.	"Волковгеология" АҚ акциялар пакетінің 0,2104 %-ы
44.	"Бұқтырма ГЭС" АҚ акциялар пакетінің 3,7 %-ы

","

"Магистралдық газ құбырлары" деген бөлімде:

реттік нөмірі 1-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-жолмен толықтырылсын:

"

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК